



Автор: Жапакова Жанар Мырзабаевна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 10-сынып

Бөлім: Адам өмірін сақтау

Тақырып: Ы.Алтынсарин "Дүние қалай етсең табылады?"

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу
Сабақтың мақсаты:	Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы кейіпкердің бейнесін аша алады.
Тілдік мақсаттар:	Ресуішті, әйдік, тіленші
Бағалау критерийлері:	- әңгіменің мазмұнын баяндайды - әңгіме мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді - кейіпкерге баға береді - кейіпкер туралы өз ойын білдіреді, саралайды, кейіпкерлерді салыстырады - әңгіменің идеясын ашады
Пәнаралық байланыс:	Экономика

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (12 мин)	Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба, Құмарланып шаттанба Ойнап босқа күлуге, Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз. Тілеуің, өмірің алдыңда, Оған қайғы жесеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ - Бес дұшпаның білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым ойлап қой - Бес асыл іс көрсеңіз. Абай Құнанбаев Абай өлеңінің идеясын аша отырып, бүгінгі сабаққа қаншалықты қатысты екенін анықтау Топтық жұмыс " ТОЛЫҚТЫРЫП, ӨЗГЕРТП, ДАМЫТП немесе КҮРДЕЛЕНДІРЕ отырып, толықтырады. " әдісі арқылы мәтін бөліктері суреттермен беріледі.. Без30b65ea3367.png type unknown Без30b667a46c.png type unknown Без30b6719d1b.png type unknown	Ойымды жалғастыр. Оқушылардың зейінін шоғырландыру
Сабақтың ортасы (22 минут)	Аудионұсқа арқылы мәтіннің негізгі сюжетін тыңдау. Жұптық жұмыс: Тапсырма «Кейіпкерге мінездеме» әдісі. Мәтінмен толық танысып болған соң, оқушылар өз қабілеттеріне қарай тапсырманы орындап, өзара талқылап кестені толтырады. Тапсырманы орындау барысында оқушылардың зейіні шоғырланады, сын тұрғысынан ойланады,өзіндік ой-пікірлері,тыңдалым,айтылым дағдылары қалыптасады Кейіп кер Портреті Іс- әрекеті Ой -тұжырым Антон Әп-әдемі,жұмыс істеуге қуаты бар,орта бойлы арықтау бала Тіленші болып қайыр сұрайтын,кейін тіленшілікті тастап,жұмысқа кірісуі,зор дүниенің иесі болуы. Ақыл айтқан кісінің ақылын тыңдады. талаптанды,күнін босқа өткізбеді,ақша тапты, бай болды. Дескриптор: 1. Әңгімеден кейіпкер портретін табады 2. Кейіпкерлер іс- әрекеті арқылы образын ашады 3. Өзіндік ойын тұжырымдайды «Баскетбол » әдісі. Қима қағаздарға Ыбырай мәтіндерінен алынған сөздер, сөз тіркестер жазылған . Шығарма атауын табу. Бір-бір жәшік жеміс , ахылап-ухілеп , сабыр деген екен. салдым деді, үш тиынға, аяңдап жүре берді, он шақты рет, көп жұмысқа,тік- тік, көп мән, күтім керек, бетіңмен кетсең, Жеке жұмыс. " ПОПС формуласын» пайдаланып, жеке жұмыс жүргізу 1-сөйлем.Менің ойымша, Антон ақылды жігіт. 2-сөйлем.Себебі,... 3-сөйлем.Оны мына мысалдармен дәлелдей аламын... Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім....	Нұсқаларды салыстырады.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (1 мин)	Жеке жұмыс. " ПОПС формуласын» пайдаланып, жеке жұмыс жүргізу 1-сөйлем.Менің ойымша, Антон ақылды жігіт. 2-сөйлем.Себебі,... 3-сөйлем.Оны мына мысалдармен дәлелдей аламын... Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім.... Егер Антонға «орта бойлы арықтау кісі жолығып ақыл айтпағанда не болар еді?. Болжам жазып келесіздер	Кейіпкерлердің портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады.
Рефлексия (5 мин)	Тақтадағы сөйлемдерді аяқта... Оқушылар тақтада көрсетілген сөйлемдердің біреуін таңдап, оны ары қарай жалғастырып аяқтайды: -мен мынаны білдім... -маған қызық болғаны... -маған қиын болғаны... -мен мынаны сезіндім... -мен мынаны жасадым... -мынаған таң қалдым... -мен мынаны жасағым келеді...	Сабақтан қандай әсер алғандарын, нені білгендерін, не қызық болғанын біл